

Алматы облысының Алакөл ауданында Ми-8Т тікұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 наурыздағы № 289 қаулысы

2012 жылғы 24 қарашада Алматы облысының Алакөл ауданында Ми-8Т тікұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Алматы облысының Алакөл ауданында Ми-8Т тікұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кірісіп, тікұшақтың құлау себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы А.Ғ. Бектұров тікұшақтың құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру нәтижелері мен қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы
№ 2 8 9 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. А х м е т о в
Р е с п у б л и к а с ы

2 8 н а у р ы з д а ғ ы

Алматы облысының Алакөл ауданында Ми-8Т тікұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және
Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі,
комиссия төрағасы

Әлібаев - Қазақстан Республикасы Еңбек және
Жұмағали Айтжанұлы халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің
Алматы облысы бойынша департаментінің

басқарма бастығы – мемлекеттік еңбек инспекторы, төрағаның орынбасары

Пак Юрий Коминтернович - Алматы облысының жұмылдыру даярлығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының аумақтық қорғаныс бригадасының басқарма қызметінің басшысы, төрағаның орынбасары

Аққұлов Нұрлан Тыныстанұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру басқармасының бастығы

Қабылов Мират Өтегенұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Алматы облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник

Арғынбаев Бауыржан Мұхалиұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі ішкі істер департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі

Машралиев Саламат Ибінұлы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша)

Қырғызбаев Болат Исатайұлы - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы бас директорының қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі (келісім бойынша)

Малыгин Константин Михайлович - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Еңбекті қорғау және өндірістік бақылау департаментінің директоры (келісім бойынша)

Үмбетов Серік Серікқалиұлы - «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Шығыс филиалының Үшаралдағы мұнай құбыры басқармасы жұмыскерлерінің өкілі (келісім бойынша)

Әбділдинов Бердібек Темірболатұлы - «Қазақстан-Қытай құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Еңбекті және

қоршаған ортаны қорғау, төтенше жағдайлар
департаментінің директоры

(келісім бойынша)

Қуанбаев - «Қазақстан-Қытай құбыры» жауапкершілігі
Қайрат Жамбылұлы шектеулі серіктестігі жұмыскерлерінің

өкілі (келісім бойынша)

Күшқалиева - «Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»

Салтанат Индербайқызы акционерлік қоғамының басқарма төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Старков - «Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы»

Сергей Михайлович акционерлік қоғамының кәсіподақтар
комитеті төрағасының орынбасары

(келісім бойынша).